

«І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» КММ бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтің 2023 жыл І тоқсан талдауы

«І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» КММ-да
2023 жылдың І тоқсаны (қаңтар, ақпан, наурыз айлары) бойынша жеке тұлғаларға көрсетілген мемлекеттік қызмет саны –12

Мемлекеттік мекемеде қағаз арқылы – 12, электронды түрде – жоқ

- 1) ***Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау;***
Бұл мемлекеттік қызмет бойынша І тоқсанда қаңтар, ақпан, наурыз айларында өтініш түскен жоқ
- 2) ***Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;***
Аталған қызмет бойынша І тоқсанда мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілген қызмет түріне өтініш келіп түскен жоқ.
- 3) ***Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау;***
Аталған қызмет бойынша І тоқсанда өтініш келіп түскен жоқ.
- 4) ***Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдар арасында балалар ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау;***
Аталған қызмет бойынша І тоқсанда қағаз түрінде 12 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Қаңтар айында-8, Ақпан айында-3, Наурыз айында-1 өтініш түсті.
- 5) ***Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиенушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру;***
Аталған қызмет бойынша І тоқсанда өтініш түскен жоқ.
- 6) ***Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну;***
Аталған қызмет бойынша І тоқсанда өтініш түскен жоқ.

Жеке тұлғаларға қызмет көрсету барысында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары басшылыққа алынды. Ай сайын қалалық білім бөліміне мемлекеттік көрсетілетін қызметтер түрі бойынша айлық есеп тапсырылып отыр. Келіп түскен арыз, шағым жоқ.

Сонымен қатар мектептің оқу-тәрбие жұмыс жоспарына сай 2022 жылдың қараша айында «Мемлекеттік қызмет көрсету құжаттарының талапқа сай жүргізілуін бақылау қорытындысы» өндірістік кеңесте қаралып, талқыланды. 2023-2024 оқу жылына 1 кластарға құжат қабылдау жұмысы ағымдағы жылдың 1 сәуірінен 1 тамызға дейін жүргізілетіндігі және қажетті құжаттар тізбесі ата-аналарға таныстырылды, мектептің әліеуметтік желісіне хабарландыру салынды. Ата-аналар жиналысында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

